



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

өзі өмір сүрген ортаның қиындығы, саяси ахуалдың шиеленіскеніне қарамастан көп еңбектенген ақын.

Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық ұстанымы туған елінің өсуі, өрлеуі, көркеюіне қызмет етуімен ұстасып жатыр. Ақын шығармалары арқылы қазақ қоғамының жақсаруына, адамдардың жеке басының жетілуіне әсер етуді мақсұт тұтқан. Бұдан сөз өнерінің күдіреттілігіне көз жеткіземіз. Шәкәрім бабамыз, Сізге қарап бой, ой, сөзімді түзеймін десе, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.»- [7] деген болатын. Ендеше жоғарыда айтылған екі ойшылдың арасындағы рухани үндестік бүгінгі адамзатқа тағылымы мол деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахат Құдайбердіұлы. «Шәкәрім жайындағы естелік», 64-б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-160 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2003.-105 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық толық жинағы.-Алматы; Жидебай: Халықаралық Абай клубы. 408 б.
5. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының толық жинағы. Халықаралық Абай клубы. 2006. 167 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық толық жинағы.-Алматы; Жидебай: Халықаралық Абай клубы. 408 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 12 сәуір. 2017ж.

ӘӨЖ 342.511.7(574)

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ғабдолла Назгүл Самалқызы

nazgul.gabdolla@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің тарих факультеті
6М020300 – «Тарих» мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – М.А. Алпысбес

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып үлгерді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін».

Н.Ә.Назарбаев

Бір шеті шығыста Алтаймен, екінші шеті батыста Каспий теңізімен шектескен, солтүстігі Орал тауларымен жалғасып, оңтүстігі Сыр алқабымен түйіскен ежелгі көшпелі қазақ даласында

болған айтулы оқиғалардың бірі – 2010 жылғы Астанадағы Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік Ұйымының саммитінің өтуі болатын. Бұл – соңғы бас қосулары ХХ ғасыр соңында болып, содан бері болмаған ұйымның ірі тарихи халықаралық көлемдегі жиыны болды.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік саясатта өз орнын алып келе жатқанына, міне, жиырма бес жыл уақыт болды. Тарихи өлшеммен бұл азғантай уақыт болғанымен, біздің еліміз үшін қаз басып, тік тұра бастаған, өзін қоршаған ортасына икемдеп, дүниеге таныстыра бастаған сындарлы да сәтті жылдар болатын. Мүмкін мұндай асуларды басқа мемлекеттер бір жылда, мүмкін елу немесе жүз жылда өтер, бірақ сол кезеңдердің өзіне тән сипаттамалары мен ерекшеліктерінің, қиындқтарының болуы заңды болып табылады.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан Қазақстанның Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік Ұйымы сияқты халықаралық беделді ұйымды бір жыл бойы басқаруы үлкен жеңіс болып отыр. Ал бұл мақсатқа 1997 жылы елімізде қабылданған «Қазақстан-2030» стратегиялық жоспарының баспалдақ болғандығын атап өтуіміз керек. Сол құжатта атап көрсетілгендей, ең бірінші ұзақ мерзімді басымдық, бұл елдің ұлттық қауіпсіздігі болатын. [1] Ол дегеніміз мемлекеттік тәуелсіздік пен аумақтық тұтастықты сақтау дегенді білдіреді. Біз еліміздің тарихында тұңғыш рет өзіміздің шекарамызды анықтап алдық. Солтүстіктегі көршіміз Ресеймен, шығыстағы көршіміз Қытаймен, одан қалды бауырлас Орта Азиядағы мемлекеттермен халықаралық практика мен нормаларға сәйкес шекарамызды толық белгілеу - еліміздің үлкен жетістігі болды. Бірнеше халықаралық ұйымдарға кіре отырып, Қазақстан ең алдымен өз елінің мүддесін, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бірінші орынға қояды. Осы орайда оның алғышқылардың бірі болып өзі ядролық держава болса да, одан саналы түрде бас тартуы әлем алдындағы Қазақстанның қандай мақсат көздейтінін, ешкімге қауіп төндіруге тырыспайтынын тағы бір дәлелдеді.

Аталмыш құжаттағы тағы бір маңызды ұзақ мерзімді басымдық, бұл ел ішіндегі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы болатын. [2; 2-бет] Қазақстанда әр түрлі себептермен келген 130-дан аса ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың діні мен тілі, менталитеті мен психологиясы, дүниеге көзқарасы мен ұлттық мүддесі әр түрлі екендігі шындық. Бірақ солардың барлығын бір мүддеге, бір мақсатқа, бір идеяға жұмылдырып, басын қосу - маңызды шаруалардың бірі болып табылады. Онсыз ел дамуының экономикасы мен халықтың әлеуметтік жағдайы туралы әңгіме қозғау мүмкін емес. Егер елде бүкіл осы жылдары тыныштық пен бейбітшілік болмағанда, онда біздің барлық алға қойған мақсаттарымыз тек қана идея немесе қиял болып қалар еді. Қазақстан осыған байланысты халықаралық көлемде әр түрлі діндердің түсінушілігін, олардың ашық түрде әңгімелесіп, дінаралық мәдени байланысқа түсуіне де себепкер болып отыр.

Міне, осы негізгі мәселені сындарлы саясат арқылы байыппен жүргізудің нәтижесінде Қазақстанның бұл миссиясы басқа елдер мен халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік Ұйымы тарапынан кең қолдау тапты. 1990-шы жылдардың басында бүкіл елді қамтыған саяси дағдарыс жылдарында бұрынғы одақтас мемлекеттердің барлығы жан-жаққа ыдырап, не боларын білмей дағдарған кезде Қазақ елінің өз егемендігін жариялауы басқа көрші мемлекеттер тарапынан күмәнсіздік туғызғаны рас. «Өз алдына ел болып кетуі мүмкін емес» деп мәселенің нүктесін қойған саясаткерлер де болды. Ал енді, бұрынғы көшпелі халықтың ұрпағы өз алдына мемлекет құрып, тіпті басқа елдерге үлгі болып отыруы, әрине басқалар тарапынан қызығушылық пен қызғаныш туғызуы заңды болмақ. Оның үстіне, 1975 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік Ұйымына төрағалық етуі қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы түркі тектес елдер арасында маңызды оқиғаға айналды. Соңғы кезде беделі төмен түсіп кеткен бұл ұйым Қазақстан төрағалық еткен уақытта қайтадан жандана бастады. Бойына қан жүгіріп, ісі оңға басып, әлемдік көлемдегі адамзат қоғамындағы терең де маңызды мәселелерді шеше бастады немесе күн тәртібіндегі ең көкейкесті шешуін күтіп тұрған мәселеге айналдырды. Соның арқасында осы

ұйым өкілдерінің бір жылдың көлемінде бірнеше рет бас қосулары олардың көз алдарында қандай мәселеде болмасын, ең бірінші орында - адам және оның өмірі мен бақыты болуы керек екендігін көрсетті.

Дүниежүзінің 56 мемлекеті мүше болып табылатын ЕҚЫҰ-ы басшыларының соңғы саммиті өткен XX ғасырдың соңында болған. Содан бері адамзат қоғамының талғамы мен талабы да, көзқарасы мен түсінігі де үлкен өзгерістерге ұшырады. Астанада өткен әлемдік дәрежедегі бұл бас қосу осы өзгерістерді ескере отырып, ғаламдық мәселелердің барлық түрлерін тек қана бейбіт жолмен шешуге болатындығын қарастырды.

Астана саммиті бізге не берді? Әрине, ұтыларымыздан көрі ұтарымыз көп болғаны ақиқат.

Біріншіден, халықаралық ұйымдарға қатыса отырып, Қазақстан өзінің әлемдік саясаттағы беделін одан әрі нығайта түсті. Себебі, халықаралық ұйымдардың Қазақстанға деген сенімі жылдан-жылға артып келеді.

Екіншіден, Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік Ұйымы мүшелерінің басшыларын қосу арқылы Қазақ елінің атын шартарапқа таныту үрдісін жалғастырды. Мұның өзі бергін күнге дейін Қазақстанды Пакистан сияқты мемлекеттермен шатыстырып жүрген кейбір елдердің түсінігінің, көзқарасының дұрыс жаққа қарай өзгеруіне әсер етер еді.

Үшіншіден, Қазақстан басқа елдер үшін, әсіресе ТМД құрамындағы мемлекеттер үшін өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы жағынан үлгі болатын дәрежесін жоғалтпай, одан әрі беки түсіп отыр.

Төртіншіден, Қазақстан осындай әлемдік деңгейдегі шараларды өткізу арқылы тәжірибе жинақтап, оның қыры мен сырына үңіле отырып, сыртқы саясатты жүргізу тәсілдерімен толығады.

Бесіншіден, саммит барысында болған күнделікті жаңалықтар дүниежүзілік көлемдегі басты-басты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әлемнің түкпір-түкпіріне тарағаны анық. Мұның өзі саммит болып жатқан елдің негізгі ұлты, сол ұлттың әдет-ғұрпы мен салт-санасы, мәдениеті мен тарихы туралы ақпаратсыз мүмкін емес. Бұл дегеніміз - қазақ халқының атын шығарудың тағы бір оңтайлы сәті деп есептеуімізге болады.

Ел басшысы өзінің халыққа Жолдауларының барлығында Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, көбінесе жадынан тастамайтын бір мәселені ешқашан тастаған емес. Бұл - елдің бірлігі мен тыныштығы [3]. Қандай жағдайда немесе қай уақытта болсын, елді дағдарыстан алып шығатын бір ғана күш бар, ол - ынтымақ. «Бірлік болмай, тірлік болмас» деп халық даналығы бекер айтпаған болар. Өмірлік тәжірибе бізді осыған меңзеп отыр. Қазақстан жағдайында ұлттық бірлікті сақтау - тыныштықтың, ынтымақтастықтың және елдің бірқалыпты дамуының бірден-бір кепілі болып табылады. Сондықтан қазіргі бүкіләлемдік қаржы дағдарысы тұсында жеке тұлғаның мінезінде, жүріс-тұрысында, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайында болатын өзгерістер қоғамның кері кетуіне емес, алға жылжуына әсер етуі тиіс. Ол үшін бүкіл Қазақстан қоғамындағы барлық ұлттар мен ұлыстарды біріктіруші негізгі күш – қазақ ұлты өзі болып, басқа ұлттарды бір төңірекке жұмылдырып, ауызбіршілікті нығайтып жол бастауы керек. Онсыз Қазақ елінің беделін көтеруге тырысқан қаншама еңбек, аққан тер, сіңірген күш далаға кетті деген сөз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Р президентінің ресми сайты www.akorda.kz, «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы»
2. Қазақстан Респубикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. // Президент және Халық. 2011 ж. 29 қаңтар. – № 27. – 2 б.

3. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. /«Егемен Қазақстан» 2014 ж. 18 қаңтар.

УДК 79.321

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТАНЦЫ-ДУХОВНОЕ СОСТАВЛЯЮЩЕЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Дарбузова Камила Орынтаевна

Gauhar-abdrahmanova@mail.ru

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, экономический факультет, студент 2 курса, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Г.С.Абдрахманова

Казахский танец - это национальное театральное искусство, изображающее художественный образ через пластику танцора и движения его тела. Казахское народное танцевальное искусство - это наследие древнего народа, которое на протяжении столетий тесно переплетается с устным фольклором, песнями, традициями и обычаями. Танцы, как проявление художественной мысли людей, создали систему жестов, отражающих мечты и чаяния казахского народа в их эстетическом смысле.

Казахский народ не только смог сохранить традиции древнего танцевального искусства, но и развил его на протяжении веков в сочетании со своими духовными сокровищами. Казахский танец развивается как искусство, раскрывающее повседневную жизнь людей, человеческое отношение к природе, мировоззрение. Некоторые движения казахского танца были переняты у баксы-целителей. Вместе с инструментом кобыз и с помощью других ударных инструментов они усиливали свою целительную энергию.

Казахский танец сыграл решающую роль в развитии искусства в целом, пропагандируя народное искусство и доводя его до следующих поколений. К сожалению, до нас не дошли канонические виды древнего танца.

Если заглянуть в историю нашего народа, ясно, что танцевальное искусство в конечном итоге стало одним из ведущих направлений казахского национального искусства. И очевидно, что в своем развитии казахский танец пережил не одну эпоху. Корни казахского танцевального искусства исходят из многовековой истории народа и сегодня продолжают развиваться в профессиональных танцорах, танцевальных ансамблях и танцевальных студиях страны[1].

Сущность казахского танца – это отражение духовных ценностей народа, его познание, его связь с природой, философия. И нет сомнений в том, что все это отражено в структуре и достоинстве любого казахского танца. Свидетельством тому служат десятки национальных танцев, таких как «Қамажай», «Аю Би» (Танец медведя), «Насыбайши», «Ортеке», «Қазақ биі» (Казахский танец), «Айжан кыз» (девушка Айжан), «Қара жорға», «Садақ биі» (Танец стрелка).

Одним из ярких национальных танцев является танец «Мерген» (Меткий стрелок)-это танец, который отражает историю встречи меткого стрелка с любимой девушкой во время его охоты. Каждый жест танцора на сцене должен быть настолько точным, чтобы передать настрой охотника во время охоты. Выход девушки на сцену также очень сложен, характеризуется внезапным переходом от быстрых танцевальных движений к более мягким, но сложным движениям. В дуэте (девушка и парень) парень не должен отводить глаза от девушки и притом его движения должны быть синхронны жестам девушки. Костюмы: Парень одет в светлую рубашку, сверх рубашки бешпет (жилет), подпоясан кожаным поясом. Длинные прямые брюки должны быть широкими, манжеты украшены национальными узорами. Обут в легкие сапоги. На голове шапка (бөрік) из бархата, украшенная мехом (чаще лисьим мехом). В правой руке лук.